

74.20973

F22

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Н.С. ҒАЗИЗОВА

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН ӨТУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАРЫ**

Семей - 2003

74.20973
F22

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Н.С. ФАЗИЗОВА

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН ӨТУДІҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАРЫ**

Семей – 2003

Ғазизова Н.С.


Педагогикалық практикадан өтудің әдістемелік нұсқаулары. – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті. – Семей, 2003. - 20 б.

Пікір берушілер:

Дүйсембекова Ш.Д., п.ғ.к., Шәкәрім атындағы СМУ

Әбдікәрімов М.О., п.ғ.к., Шәкәрім атындағы СМУ

2714



Әдістемелік құралда педагогикалық практиканың мақсаты мен міндеті, жалпы педагогикалық практиканың мазмұны, оның кезеңдері, студенттің есеп беру тәртібі, сабақты талқылау жүйесі, студент жұмысының бағалану жүйесі, пән мұғалімдерінің, сынып жетекшісінің студент-практикантпен жұмыс жүргізу жоспарлары берілген.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынған.

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекетіміздің 2030 жылға дейінгі стратегиясы халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті жоғары болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді. Білімнің айрықша басымдық алуы қазіргі қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Өресі биік білімдар адамдар мемлекеттің экономикалық даму деңгейін анықтайды, міне сондықтан да Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғаның білімге деген сұранысын қанағаттандыру үшін өз азаматтарына кепілдік береді¹.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер білім беру саласын жетілдіруді талап етеді. Сондықтан қайта құрудың негізгі бастамасы мамандарды даярлаудан басталады.

Қазақстан Республикасы Конституциясы «Білім беру туралы», «Жоғары білім туралы» заңдары болашақ мамандарды және оларды қазіргі заман талабына жауап бере алатындай етіп даярлауға аса ерекше көңіл бөлген.

«Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек жай зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен шығармашылық пен таным субъектісі күдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъекті ретінде көрінуімен бедерленеді» - делінген Қазақстан Республикасы білім беру тұжырымдамасында².

Міне, мұндай мақсатқа жету – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру міндетін жүзеге асыруды мақсат етеді.

1. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. Алматы, 1998. 5б.

2. Бұл да сонда

Жалпы білім беру, негізінен үш түрлі мақсатты көздейді:

біріншісі- табиғат, қоғам, техника, өнер туралы ғылыми білім негіздерін меңгеру. Бұған ғылымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдар мен идеялардан басқа, дүниетанымдық идеялар мен сенімдер, практикалық білік пен дағды және ғылыми зерттеу әдістері мен ғылыми ойлау тәсілдері жағады.

екіншісі- оқушыларды практикалық іс-әрекетке өз бетімен қоғамдық пайдалы еңбек етуге даярлау.

үшіншісі- оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды көздейді, оқушылардың ғылыми көзқарасы мен сенімдерін қалыптастыру оқу пәндерін оқытуда олардың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктерін мейлінше толығымен пайдалануды керек етеді.

Білім берудің мақсатын айқындау үшін Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты-осы.

Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек¹».

Білім беру-қоғамдық прогресс, ол арқылы алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік маңызды тәжірибесі кейінгі ұрпаққа беріледі.

-
1. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. /Көмекші құрал/-Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім Академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999 ж. 6б.
 2. Ж.Аймауытов. Торбиеге жетекші. Қазақстан мектебі, №6, 1991, 71б.

Мектеп — мұғалімнің басшылығымен жас ұрпаққа білім беру, тәрбие мәселелерін жүзеге асыратын оқу-тәрбие мәселесі, халық ағарту жүйесінің негізгі буыны.

Мектепте оқу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі формасы — сабақ, сабақта негізгі роль атқаратын — мұғалім.

Мұғалімнің алдында тұрған зор мақсат ғылым негізін жақсы білетін, жігерлі, төзімді адамдарды тәрбиелеу, жоғары идеялы, қандай да болсын қиыншылықтарды жеңе білетін, өз Отанына шексіз берілген, бетбұрыс ісіне батыл кірісуге қабілеті жететін, еңбек сүйгіш адамдарды тәрбиелеу болып табылады.

Мұғалім өзіне тапсырылған істі абыройлы да нәтижелі етіп орындау үшін жатпай тұрмай оқиды. Ол мұның сүйегіне сіңген қасиет. Сонымен қатар мұғалім өз басына ең жақсы деген адамгершілік қасиеттерді дарытып отырады. Өйткені ол тек шәкірттерінің ғана ұстазы емес, ауылдағы, қаладағы барша халыққа үлгі-өнеге болатын үлкен инабатты адам.

Мұғалімнің дүние танымы — оның өмірі мен, оның орбір құбылысқа қалай қарайтындығы, қалайда барлық оқушыға әсер етеді. Сондықтан да мұғалім өзінің мінез-құлқы, әрекеттері «күшті» бақылауда екендігін сезе біліп, өзін өзі ұстай білуі керек.

Оқушылардың мінез-құлқын, олардың сана-сезімінің жетілу дәрежесін танып, білу оңай нәрсе емес.

«Мұғалімдік мамандық ұсақ-түйегі көп, жалықпай жұмыс істеуді қажет етеді», - деген болатын Макаренко.

Осындай қоғамға қадірлі тұлғаны даярлап шығуда жоғары оқу орындарының алатын орны ерекше.

Жоғары оқу орындарындағы оқыту ісінде теориялық даярлық, қоғамдық, педагогикалық және арнайы ғылымдарды үйрету студенттердің практикалық-педагогикалық қызметімен үйлестіріле жүргізіледі, ал оны ұйымдастырудың негізгі формасы — педагогикалық практика.

Мұғалімдердің кәсіптік даярлығын арттыруға деген талаптың жылма-жыл күшейіп отыруына байланысты студенттердің педагогикалық практикасы ұдайы жетілдіріле түсуде. Қазіргі кезде оның өзі университеттің оқу жоспарында елеулі орын алып, мұғалімді даярлау жүйесінің маңызды компонентіне айналды.

ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Практиканың мақсаты: Студенттерді алғашқы педагогикалық әдістерімен қаруландыру, мұғалімнің негізгі функцияларын меңгерту және педагогикалық кәсіби жеке тұлғаны қалыптастыру.

Практиканың міндеттері:

1. Студенттердің педагогиканы, психологияны, әдістемені және негізгі сабақтарды оқу кезінде алған теориялық білімдері мен практикалық шеберлігін тереңдетіп бекіту;
2. Студенттерді өз бетінше жоспарлауға, оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын өткізуге, тәрбие мен білім берудің негізгі мәселелерін шешуге шығармашылықпен қарауға үйрету;
3. Студенттерді оқушылар тобымен, жеке оқушымен жұмыс жүргізуде олардың жасындағы және жекелік ерекшеліктерін ескеріп отыруға үйрету;
4. Студенттерді педагогикалық мамандықты сүйеге тәрбиелеу;
5. Болашақ мұғалімдерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылыққа және озат мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін талдап, қорытуға дағдыландыруға үйрету;

6. Студенттерді қоғамдық жұмыстарға, педагогикалық насихаттауға бейімдеу. Пән үйірмелерінің сабағын өткізу, жалпы сыныптан тыс жұмыстарды пән бойынша ұйымдастыру, бір тақырыпқа арнап кеш, әңгіме, сұхбат өткізу т.б.

СТУДЕНТ-ПРАКТИКАНТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Оқу-тәрбиелік маңызы бар жорықтарға дайындалу және оны өткізу. Пән бойынша көрнекі құралдар дайындау;
2. Психология, физиология, мектеп гигиенасының тапсырмаларын орындау;
3. Курстық жұмыс бойынша және ғылыми-зерттеу үйірмелерінің баяндамалары үшін дәлелдеме материалдарын жинақтау;
4. Сынып жетекшісінің жұмысының құрылысымен танысу. Сынып жетекшісінің сыныптағы әр оқушы және отбасы туралы пікірін білу;
5. Сыныптағы оқушылардың тәртіптілігінің деңгейін айқындау, тәрбиелік маңызы зор міндеттерді анықтау және осы негізде тәрбие жұмысының өз жоспарын құру;
6. Практиканың соңына дейін бір оқушыны немесе сынып оқушылар ұжымын таңдап алып, онымен үнемі жұмыс істеу және оған психологиялық, педагогикалық сипаттама беру;

7. Белгіленген жоспарға сәйкес әңгіме өткізу, әр түрлі кештер ұйымдастыру, сынып жиналысын өткізу, сынып белсенділерімен жұмыс істеу;
8. Оқушының қоғамдық-пайдалы әрекеттерін ұйымдастырып, басшылық ету. Қабырға және радиогазеталардың шығарылуына басшылық ету, әр түрлі қоғамдық ресурстарды қолдану;
9. Сынып мұғалімдерімен жұмыс істеу; оқушыларға жарғы бойынша қойылатын талаппен танысу және оның бірыңғай орындалуын бақылау;
10. Мұғалімдермен жеке оқушыларды тәрбиелеудегі күрделі сұрақтар жөнінде пікір алысу, сыныпқа сабақ беретін мұғалімдермен жиналыстарына қатысу; оқушылардың ата-анасымен жұмыс істеу; олармен жеке әңгіме өткізу; дәрістер оқу;
11. Жеке сабақтардың құрылымын анықтауға іскерлікпен қарап, оқушылардың танымдық әрекеттерін жоғары мақсатқа жеткізу жолында әдістерді дәлелдеп тандап алу, сабақтардың талдауын жетілдіру; тек жеке сабақтың ғана емес, сонымен қатар тақырып бойынша талдауды жүйелі түрде жүргізу әріптестерінің сабағымен қатар өз сабақтарына да талдау жасай білу.

Сонымен педагогикалық практиканың маңызды міндеттері - оқу-тәрбие процестерін, мұғалімдер мен оқушылар әрекетін бақылауды үйрену, олардың өзара әрекетінің мәні мен логикасын түсіну.

Мұндай іскерлікті саналы түрде үйрену қажет.

Теорияны терең түсінуді белсенді педагогикалық қызметпен үйлестіруге негізделген оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық бақылау-

педагогикалық практиканың алғашқы күнінен бастап-ақ жетекші міндеттердің біріне айналады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Педагогикалық практика нақты педагогикалық ақиқат жағдайында өткенімен, оның тәлім алу сипаты бар. Студенттер қызметінің мұғалімдер қызметінен түбегейлі айырмашылығы болады. Мұғалім күн сайын, сағат сайын тұтастай оқу-тәрбие процесін жасайды, оның қызметінің мақсаты мен міндеті оқушылардың жеке өзін қалыптастыру. Студент қызметінің мақсаты мен міндеті ең алдымен жеке өзін қалыптастыру, күрделі оқу-тәрбие процесін тұтастай құра білуді меңгеру:

Оқыту процесінде педагогикалық практиканың мазмұны екі бағытта дамиды.

Біріншісі - нақты оқу-тәрбие процесінің логикасына бағынып, онда ол нақты педагогикалық қызметті орындауға қатысады.

Екіншісі - жоғары оқу орнының курсына оқыған оқу пәнінің логикасына негізделіп, соның әсерінен практикалық педагогикалық қызмет мазмұны өзгереді.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН ӨТУ БІРНЕШЕ КЕЗЕҢДЕРДЕН ТҰРАДЫ:

I – кезең : I — апта

Мұнда бір апта беріледі.

- Студенттер мектеппен, пән мұғалімімен, сынып жетекшісімен танысады. Сабақтарға қатысады, тақырыптық, күнтізбелік жоспар арқылы белгіленген сабақ тақырыптарын анықтайды.

- Мектеп оқушыларымен, бағдарламаларымен танысып, әңгімелесуден өтеді.
- Жеке бас жоспарын жасайды.
- Апталық қорытынды жиналыс ашып, келесі кезеңнің міндетін анықтайды.

II –кезең: II-III апта

Бұл аптада студент өздігінен сабақ береді, міндетті түрде әріптестерінің сабақтарына қатысады. Сабақтарды талқылап, өз бағаларын береді.

- Сабақты сапалы өткізу үшін дайындық әдісін, жеке сабақты өткізу тәсілін анықтайды.
- Пән мұғалімдерінен кеңес алады. Сол арқылы сабақ құрылымын жасайды.
- Сабақ конспектілерін жазады, кең түрғыда жоспар жасалады.
- Жіберілген қателер мен ескерту, кемшіліктерді жою, болдырмауда жұмыс жүргізеді.
- Біліктілік пен шеберлік баспалдағын қорытындылауға үйренеді.
- Сынақтық сабақтар, әр түрлі тәрбие шараларын өткізеді.

III –кезең: IV – апта

- Сынақтық сабақтар, тәрбие шараларын өткізуді жалғастырып, қорытындылайды.
- Жұмыс жоспарына белгілер қояды (орындалғаны туралы).
- Есеп беруге дайындалып, ойларын тұжырымдайды.

Сонымен, педагогикалық – практика кезеңінде студент сабақта және сабақтан тыс оқу-тәрбие комплекстік жұмыстарын жүргізеді.

ПРАКТИКА НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША СТУДЕНТТИҢ ЕСЕП БЕРУІ:

Студент практиканы өтіп болғаннан кейін төмендегі құжаттарды дайындап, кафедраға тапсырады.

1. Оқу-тәрбие жұмысының есебі. (Қараңыз: №1 қосымша)
2. Мектептің студент-практикантқа берген мінездемесі: Мінездемені пән мұғалімі, сынып жетекшісі және тәрбие ісінің менгерушілері біріге отырып жазылады. Мінездемеде студенттің оқу-тәрбие ісіне баға беріледі. Мінездеме мектеп мүдірі, пән мұғалімі, тәрбие ісінің менгерушісі қолдарымен, мектеп мөрімен бекітіледі. Мінездеме екі данада жазылады. (бір данасы психология және педагогика кафедрасына, бір данасы негізгі кафедраға).

3. Күнделік

Студент-практиканттың күнделігінде мына аталғандар болуы керек:

- Мектептің әкімшілігі, пән мұғалімі, сынып жетекшісі, әдіскерлердің аты-жөндері;
- Қонырау кестесі;
- Оқу-тәрбие жұмысының жеке жоспары;
- Күн сайынғы мектепте атқарған жұмыстары, сабақтары, оның талқылануы, өткізілген шаралары т.с.с. жазулар;

Күнделік әдіскердің қолымен күн сайын бекітіледі.

4. Сынақтық пәннің бір сабақ жоспары;
5. Тәрбие жұмысының бір жоспары (Тәрбие шарасының толық сценаріі);
6. Бір оқушы немесе сыныпқа берілген педагогикалық-психологиялық мінездеме;
7. Сабаққа даярланған көрнекілік құралдарының ең таңдаулыларын.

СТУДЕНТ-ПРАКТИКАНТТЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ

Студент-практиканттың жұмысы психология, педагогика және негізгі кафедра оқытушы-әдіскерлерінің бірлесуімен бағаланады.

Бағалауда мектеп мінездемесі бағасын негізге ала отырып, есеп беру құжаттарының сауаттылығы, безендірілуі, сапалығы есепке алынады.

Студент жұмысының бағалануы жан-жақты қызмет түрлерін ескере отырып жасалынады.

«Өте жақсы» деген баға, егер сабақ жоғары деңгейдегі ғылыми және ұйымдастырушылық, әдістемелік деңгейде өтсе, оқыту әдісінде түрлі танымдық тәсілдері қолданса, студенттің психологиялық-педагогикалық теория және өзіндік шығармашылығы арқылы, дидактикалық материалды сабақ өтуде шебер пайдаланса.

«Жақсы» деген баға, егер сабақ жоғары ғылыми әдістемелік жағдайда өтсе, оқыту тәрбиелік міндеттерді шешсе, оқушылар белсенділігін арттыруда бірнеше әдістемелік тәсілдер қолданса, оқыту және дидактикалық материалды пайдаланса, сабақ беруде, маңызды емес қателіктер жіберілген кезде бағаланады.

«Қанағаттанарлық» баға, егер студент, оқу мен тәрбие тапсырмаларында қателіктер жіберсе, психологиялық-педагогикалық теорияны дұрыс пайдаланбаса, оқушылардың белсенділігін, танымдылығын әлсіз ұйымдастырса, олармен байланыста болмаса, қорытынды сабақ кезінде қателіктері мен жетіспеушілігі байқалған жағдайда бағаланады.

«Қанағаттанарлықсыз» баға, егер сабақта оқу тәрбиелік тапсырмалар орындалмаса, оқу материалдарын білмесе, оқушылардың тәртібін

ұйымдастырмаса, өзінің жұмысына жауаптылықпен қарамаса, білімі психологиялық-педагогикалық жағынан әлсіз болғанда қойылады.

ПӘН МҰҒАЛІМІНІҢ СТУДЕНТ-ПРАКТИКАНТТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЫ

- Студенттерді тақырыптық-күнтізбелік жоспармен, сабақ жоспарының нысанымен, пәнді оқытудың әдістемелік жүйесімен таныстыру.
- Студенттерді кабинеттермен, сыныппен, техникалық қажетті құралдармен таныстыру.
- Сабаққа сыныптарды безендіру, дидактикалық, көрнекі құралдарды жасау тапсырмасын беру және көмектесу.
- Сабақ жоспарын, дәріс конспектісін тексеру және бекіту.
- Студент-практиканттың сабақтарына қатысу, талқылау, бағалау.
- Пәнге байланысты өткізілетін сыныптан тыс шараларға қатысып, талқылап, бағалау.
- Студент-практикантқа сабақты өткізуге байланысты ақыл-кеңес беру.
- Практиканың қорытындысын шығарып, студенттің өз міндеттерін қалай орындағаны туралы жазбаша нысанда мінездеме беру.

СЫНЫП-ЖЕТЕКШІСІНІҢ СТУДЕНТ-ПРАКТИКАНТПЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖОСПАРЫ

- Студент-практикантқа сынып оқушыларын таныстыру, сыныпқа сипаттама беру.
- Студентті тәрбие жұмысының жоспарымен таныстыру.
- Студенттің тәрбие жұмысы жөніндегі жеке бас жоспарын жасауға көмектесу, үлгілерін беру, талаптарымен таныстыру және педагогика кафедрасының әдіскерімен бірлесе отырып бекіту.

- Студент-практиканттардың жеке тәрбие жұмысының, орындалуын қадағалайды, ұйымдастырады. (күнделікті тексеру, мектеп кезекшілігі т.с.с.).
- Студенттің тәрбие жоспарының тақырыптық жобасын жасауда ақыл-кеңес береді.
- Студенттің тәрбие шараларын дайындауға, өткізуіне көмектесу, талқылау, бағалау.
- Практика кезінде студенттің тәрбие жұмысын орындағаны туралы жазбаша түрде мінездеме беру.

САБАҚТЫ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ

1. Сабақтың типі қандай? Сабақтың тақырыптық жүйеде алатын орны? Уақыт дұрыс, нақты анықталған ба?
2. Бағдарлама бойынша тақырыптың талаптары толық орындалды ма? Өтілетін тақырып жоспары дұрыс құрылды ма және толық ашылды ма?
3. Сабақта оқушылардың шығармашылық ойларын дамытуда қандай әдістер қолданды? Сабақ барысында оқушылардың толық дамыту мақсатында жаңа ақпараттар берілді ме?
4. Сабақтың тәрбиелік мақсаты толық орындалды ма? Оқушыларды жан-жақты, әлемдік көзқарастарын қалыптастыруда қандай жұмыстар жүргізілді? Сабақтың өмірмен байланыстылығы қандай? Жалпы, мұғалімнің оқушыға тәрбиелік әсер етуі қандай дәрежеде болды?
5. Оқушылардың білімін, дағдысын, қабілетін тексеру барысында жұмыстар қалай ұйымдастырылды және қандай әдістер қолданды?
6. Оқушыларды жаңа тақырыппен таныстыру әдістері дұрыс алынды ма? Қандай көрнекі құралдар қолданды?
7. Сабақтың ұйымдастырушылық бөлімі қалай өтті? Сабаққа әзірлік толық па? Оқушыларды сабақтың барлық мерзімінде бағыттап отыру барысында міндетін толық атқарды ма?

8. Оқушылардың сабаққа әзірлігі тексерілді ме? Сабақ процесінде оқушылардың белсенділігі қандай болды? Оқушылардың сабақ барысында тәртібі қандай болды? Оқушылардың пәнге, мұғалімге деген қатынасы қандай болды?
9. Мұғалімнің сөйлеу дикциясы қандай? Мұғалімнің коммуникативті қабілеттері, сыртқы бейнесі қандай болды?
10. Арнайы міндеттерге көңіл бөлінді ме (пән аралық байланыс, жеке қатынас, оқушылардың жас ерекшеліктері және т.б.)?
11. Сабақты өткізудің гигиеналық шарттары орындалды ма (бөлменің сәулелілігі, санитарлық жағдайы т.с.с.)?

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРЫНА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАЛДАУ ЖАСАУ ҮЛГІСІ

1. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысы жоспарын жасауда сынып оқушыларының мүдделері көзделе ме? Оқушыларды жоспар жасауға тарту әдістері
2. Тәрбие жұмысы мазмұны арқылы сынып жетекшісі қандай негізгі педагогикалық міндеттерді шешеді?
3. Сынып ұжымында қандай іс-әрекеттер ұйымдастырылып жоспарланды?
4. Тәрбие жұмысы жоспарын жасауда, тәрбие шараларын өткізуде қандай әдіс, тәсіл, амалдарды қолданды?
5. Тәрбие жұмысының мәні ортамен байланысу салдары қандай?
6. Сынып жетекшісінің өз сыныбын зерттеп білуде нәтижесін берді ме?
7. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмыстарын жоспарлау барысындағы ұсыныстар мен қорытындысы.

ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫН ТАЛДАУДЫҢ ШАМАЛЫҚ ҮЛГІСІ

1. Тәрбие шараларының тақырыптарын таңдау қалай анықталады?
2. Тәрбие шараларының мақсаттары мен міндеттері қандай? Олар өткізілу процесінде қалай шешіледі?
3. Тәрбие жұмысын даярлап өткізуде, педагогикалық басшылықтың мәні неде?
4. Тәрбие шараларын даярлап өткізуде, оқушылардың білімділігі қандай?
5. Тәрбие шарасы өткізілетін сынып бөлмесі (залдың) безендірілу және қорнекі құралдардың қолданылуы.
6. Тәрбие шарасын өткізуде әр түрлі тәсілдер мен әдістерді түрлендіріп, қолдануы.
7. Тәрбие шараларын өткізудің қажеттілігі, педагогикалық тиімділігі және соған байланысты ұсыныстар мен қорытындылар.

Практикант - студенттің есеп беру үлгісіПедагогикалық практика жайлы есеп беруі

Студент ----- группа

Факультеті -----

(фамилиясы, аты, әкесінің аты)

(ауданы, селосы)

Қай уақыттан бастап -----200... ж

Қай уақытқа дейін -----200... ж

I. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жәан-жақты оқып үйренудің нәтижесі

1. Мектепке, сыныпқа қысқаша талдау.
2. Сынып оқушыларына мінездеме.

II. Педагогикалық практика жоспарының орындалуы.

1. Қандай ауытқулар орын алып отырды, не орындалды, не орындалмады? Неге ?
2. Жоспардан тыс не істелінді.

III. Практиканттың әдістемелік және оқу-іздену жұмысындағы іс-әрекеті

1. Өткен сабақтар саны, сонымен қатар жаңа білім игеру сабақтары, білімді бекіту сабақтары, құрамдас сабақтар, экскурсиялар, кино сабақтары.
2. Қандай сабақтың түрлері қызықты өтті және қайсысы қиындық туғызды, неге ?
3. Студентке тақырып бойынша жалпы сабақ өткізу және қайта қарау не береді.

IV. Тәрбиелік жұмыс

1. Пән бойынша кластан тыс үйірме сабағы, факультатив сабағы өткізілуі туралы пікіріңіз.
2. Қандай негізгі тәрбиелік міндет практика кезінде шешілді. Өткізілген кластан тыс тәрбиелік жұмыстар.
3. Тәрбие жұмысының жоспарын педпрактика кезінде қалай құрдыңыз. Жоспарланған жұмыстарды дайындап өткізуде қандай тәрбиелік міндеттер қайта шешілді. Тәрбие жұмысында қай жұмыс жақсы өткізілді. Бұл істің дәлме-дәл суреттемесін есебіңізге енгізіңіз.
4. Педагогикалық практика кезінде тәрбие жұмысында не үйрендіңіз. Тәрбие жұмысын өткізуде қандай қиындықтар кездесті.

V. Қорытынды және ұсыныстар

1. Педагогикалық практика барысындағы өз жұмысыңызды қандай дәрежеде бағалайсыз? Өзіңіз үшін не білдіңіз, не үйрендіңіз?
2. Педагогикалық практика барысында қандай қиындықтарға кездестіңіз, олардың себебі және оны жоюда қандай әрекеттер жасадыңыз.
3. Педагогикалық практиканы ұйымдастырып өткізуде өз тарапыңыздан қандай ұсыныстар бере аласыз.

Педагогикалық институты
кітапханасы
Шәкәрім к., 42

Студент-практиканттың күнделігі

- А) Күнделік практиканттың күн сайын өткізілетін жұмысын тіркейтін маңызды құжаты болып табылады.
- Б) Күнделіктегі жазу жұмыс орындалған соң немесе жұмыс күні аяқталған соң бірден тіркеледі.

Орындалу күні және мерзімі	Өткізілген оқу-тәрбие жұмысының қысқаша мазмұны, психологиялық - педагогикалық талдау арқылы бақылау
----------------------------	--

1. Күнделіктің сыртқы парағы.

Педагогикалық практика бойыншы күнделік

Студенттің аты-жөні-----

Курс-----бөлім-----

факультет-----

2. Күнделіктің екінші парағы.

Практиканың басталуы мен аяқталуы (айы, күні, жылы)

Практика өткізілген мектеп (гимназия, лицей) №----- қала-----

Мектептің мекен-жайы-----

Мектеп мүдiрi (аты-жөнi)-----

Оқу-ісі жөніндегі орынбасары (аты-жөні)-----

Мектеп телефоны-----

Пән мұғалімі (аты-жөні)-----

Практиканттың сыныптық жетекшілігі: ----- сынып-----

Сынып жетекшісі (аты-жөні)-----

Шөкәрім атындағы Семей Мемлекеттік Университетінің әдіскерлері:

Педагогика кафедрасының әдіскерлері (аты-жөні)-----

Телефоны-----

Психология кафедрасының әдіскерлері (аты-жөні)-----

Телефоны-----

Құқық негіздері және құқықтық білім беру әдістемесі кафедрасының

әдіскерлері (аты-жөні)-----

Телефоны-----

Педагогикалық практиканың жалпы жетекшісі (аты-жөні)-----

Телефоны-----

3. Күнделіктің келесі парақтары

Қоңырау кестесі (I-II кезектер)

Сабак	Басталуы	Аяқталуы	Үзіліс
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			

Практиканттың аталған мектептегі сабақ кестесі

Апта күндері	5			6			7		
	А	Б	В	А	Б	В	А	Б	В
Сынып									
Дүйсенбі									
Сейсенбі									
Сәрсенбі									
Бейсенбі									
Жұма									
Сенбі									

Бекітілген сыныптағы сабақ кестесі

Сабақтар	Апта күндері					
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						

Бекітілген сыныптағы оқушылар тізімі

№	Аты – жөні	Жалпы үлгерімі	Қоғамдық жұмыс	Тұрғылықты мекен-жайы, телефон
р/т				

Студент-практиканттың оқу жұмысындағы жеке жоспары

№	Оқу жұмысының түрлері (сабақ тақырыбы)	Өткізілу мерзімдері	Орындалу белгісі және пән мұғалімінің қолы
р/т			

Студент-практиканттың тәрбие жоспарының жеке жоспары

№	Тәрбие жұмысының түрлері	Өткізілу мерзімдері	Орындалу белгісі және сынып жетекшісінің қолы
р/т			

250-00

Н.С. Ғазизова

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН ӨТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК
НҮСҚАУЛАРЫ**

Формат 60x84 1/16. Көлемі 1,25 б.б. Таралымы 100 дана.
220-тапсырыс.

Шәкәрім атындағы СМУ редакциялық-баспа бөлімі
490035, Семей қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 1.